

«Бала және театр» үйірмесі жұмысының 2023-2024 оқу жылы бойынша қорытынды есебі.

«Бала және театр» жобасы 2,3-сыныптарға және 5,6,7-сыныптарға арналып бағдарламасы мен тақырыптық жұмыс жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар жасалды.

Мақсаты: әр оқушының өзіндік қабілетін ашу, белсенділігін арттыру. Шығармашылығын шыңдау. Балалардың сана –сезімін, жауапкершілігін, сауаттылығын, мәдениеттілігін рухани дүниесін қалыптасыру.

Міндеті: Балаларға актерлік шеберліктің негіздерін меңгерту, жеке тұлғаның таным –талғамын арттыру.

Кестегі сәйкес үйірме аптасына төрт рет өтеді. Оқушылардың үйірмеге қызығушылығы өте жақсы. Үйірме жұмыстары бойынша жоспарланған барлық сабақтар өтілді, оқушылар толық меңгерді. Сонымен бірге төмендегідей сыныптан тыс шаралар өтілді.

Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына орай «Алаш –ардақтысы Спандияр» тақырыбында әдеби қойылымды танымдық сағаты өтілді.

Мақсаты: жазушының, қоғам қайраткерінің өмір жолы, ойлы еңбектері мен халыққа қалдырған асыл мұрасымен танысу, тәрбиелік мәнісін ұғыну.



Сапандияр Көбеевтің шығармаларымен кеңінен таныстырып, әңгімелері мен өлеңдерін жатқа оқып, «Қасқыр мен мысық» мысалын көлеңке театрында сахналады.

Үйірме жұмысы бойынша таралтылған іс-тәжірибе мен жетістіктер:

Ақтөбе ғылыми -тәжірибелік орталығының «Оқуға құштар мектеп» жобасының міндеттерін жүзеге асыру аясында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында білім алушылардың сапалы оқу дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары» тақырыбындағы облыстық семинар -практикум жұмысына үйірме оқушыларымен қатысып іс –тәжірибемен бөлістім.

Ыбырай Алтынсаринның «Баланың аяласы» тақырыбындағы әңгімесінен қуыршақ театрында «Баланың тапқырлығы» атты қойылымды сахналады.


Оңтайлы іс -тәжірибемен бөліскенім үшін Алғыс хатпен марпатталдым.



Ақтөбе облыстық әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру бойынша облыстық онлайн семинар практикумына «Қазақтан және әлем театрлары туралы мәлімет беру театрдағы өзін –өзі ұстау мәдениеті» тақырыбында іс –тәжірибеммен бөлістім.

«Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Ертегілер еліне саяхат» атты облыстық байқаудың «Үздік сахналық қойылым» номинациясы бойынша аудандық кезеңнен І- орын, облыстық кезеңінен І- дәрежелі дипломмен марапатталдық.





Келесі оқу жылында куыршақ театрының персонаждарымен жұмыс жасауды, сөйлеуді, тыныс алуды және дауысты дамыту жаттығуларды көбірек жасау. Ертегі кейіпкерлері мен кейіпкерлерінің бейнелеріндегі ойын тапсырмаларын орындауды денені жақсы игеруге, қимылдардың пластикалық мүмкіндіктерін түсінуге жұмыстану керек. Аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып іс –тәжірибемен алмасу керек.

Үйірме жетекшісі: Қалиева Б.С